**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бағалы қағаздар нарығы және акционерлік қоғамдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 72 Заңы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 11, 56, 57, 66-құжаттар; N 15, 139-құжат; N 19-20, 146-құжат, 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 56-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 10, 31-құжат):

1) 42-баптың 6-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы "жүз және одан да көп қатысушысы бар" деген сөздер "шаруашылық серіктестігі қатысушыларының тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы жүзеге асыратын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 45-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Акционерлік қоғамдарды қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заң актісінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.";

3) 58-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Шаруашылық серіктестік бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысымен шаруашылық серіктестігіне қатысушылар тізілімін жүргізу шартын жасасуға құқылы.

Құрылтай шартының қолданылуы шаруашылық серіктестігіне қатысушылар тізілімі қалыптастырылған күннен бастап тоқтатылады. Шаруашылық серіктестігіне қатысушылар тізілімінен үзінді-көшірме қатысушылар тізілімін жүргізуді бағалы

қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы жүзеге асыратын шаруашылық серіктестігінің жарғылық капиталындағы үлеске құқықты растайтын құжат болып табылады.

Акционерлік қоғам қатысушылар тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы жүзеге асыратын шаруашылық серіктестігі болып қайта құрылған жағдайда құрылтай шарты жасалмайды.

Қатысушылар тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы жүзеге асыратын шаруашылық серіктестігінің жарғылық капиталына қатысу үлесіне құқықтар шаруашылық серіктестігіне қатысушылар тізілімінде осы құқықтардың тіркелген кезінен бастап туындайды.

Шаруашылық серіктестігіне қатысушылар тізілімін қалыптастыру, жүргізу және сақтау тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленеді.";

4) 88-бапта:

"мөлшері" деген сөз "ең төменгі мөлшері" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мен азайту" деген сөздер алып тасталсын;

5) 139-бапта:

1-тармақ "құқықтарды" деген сөзден кейін ", сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де құқықтарды" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі "және санаттары" деген сөздер алып тасталсын;

6) 292-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бағалы қағаздар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногындағы қызметті реттейтін заң актілерінде белгіленеді.";

7) 301-баптың 5-тармағы алып тасталсын;

8) 303-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бағалы қағаздар кепілі бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.".

2. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 10, 106-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 15, 137-құжат; N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139-құжат):

1) 202-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"202-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығару тәртібін бұзу";

бірінші абзацтағы "эмиссия" деген сөз "эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сондай-ақ" деген сөзден кейін "эмиссиялық" деген сөзбен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 202-1-баппен толықтырылсын:

"202-1-бап. Бағалы қағаздар эмитенті лауазымды адамының ақпарат бермеуі не көрінеу жалған мәліметтер беруі

Бағалы қағаздар эмитенті лауазымды адамдарының бағалы қағаздарды ұстаушыларға не эмитентке ірі зиян келтірген, мүліктік пайда табу мақсатында мемлекеттік органдарға және бағалы қағаздарды ұстаушыларға ақпарат бермеуі не көрінеу жалған мәліметтер беруі, -

үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айыруға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі мерзімде белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айыра отырып, не онсыз, бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

3) 204-баптың тақырыбы және бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"204-бап. Бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының көрінеу жалған мәліметтер беруі

Бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының ірі зиян келтірген, мүліктік пайда табу мақсатында мемлекеттік органдарға және бағалы қағаздарды ұстаушыларға бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шоттарындағы бағалы қағаздардың саны мен түрлері туралы және бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялар туралы көрінеу жалған мәліметтер беруі, -".

3. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат, N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139-140-құжаттар; N 24, 153-құжат, 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат):

1) 168-2, 170, 171, 172-1 және 173-баптардағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

2) 170-1-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацындағы "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 174-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы "дер кезінде" деген сөздердің алдынан "жүзеге асырмау, сол сияқты" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 191-баптың тақырыбы және бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"191-бап. Жарияланған акцияларды шығару проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуге арналған құжаттарды табыс ету мерзімін бұзу

Эмитенттің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жарияланған акцияларды шығару проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуге арналған құжаттарды табыс ету мерзімін бұзуы, -";

5) 193-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацында:

"орналастыру" деген сөзден кейін "және (немесе) өтеу" деген сөздермен толықтырылсын;

"(рұқсатты)" деген сөз алып тасталсын;

6) 194-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы "жиырмаға дейінгі" деген сөздер "елуден екі жүзге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) мынадай мазмұндағы 194-1 және 195-1-баптармен толықтырылсын:

"194-1-бап. Акцияларды сатып алу тәртібін бұзу

Акцияларды сатып алудың Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртібін бұзу, оның ішінде акцияларды сатып алу кезіндегі олардың құнын айқындаудың қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен әдістемесі болмаған жағдайда акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларын осы қоғамның сатып алуы, -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

"195-1-бап. Бағалы қағаздар бағаларымен айла-шарғы жасау мақсатында мәмілелер жасасу

Бағалы қағаздар бағаларымен айла-шарғы жасау мақсатында бағалы қағаздар рыногы субъектілерімен мәмілелер жасасу, -

жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - қырықтан үш жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

8) 196-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"196-бап. Бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу, олар бойынша құқықтарды есепке алу және растау тәртібін бұзу

Бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушысының бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін немесе нақтылы ұстауды есепке алу жүйесін жүргізу тәртібін бұзуы, сол сияқты бағалы қағаздар бойынша қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ құқықтарды растау тәртібін бұзуы, -

заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің қырықтан екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

9) мынадай мазмұндағы 196-1-баппен толықтырылсын:

"196-1-бап. Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарды шығарудың және (немесе) орналастырудың шарттары мен тәртібін бұзуы

Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарды шығарудың және (немесе) орналастырудың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шарттары мен тәртібін бұзуы, -

лауазымды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

10) 197-баптың тақырыбында және бірінші абзацында "орналастыру және өтеу" деген сөздер "орналастыру және (немесе) өтеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 199-баптың бірінші абзацындағы "баспа басылымдарында" деген сөздер " бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 573-бапта:

тақырыбындағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

бірінші бөлікте:

"мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

"88 (бірінші бөлік)" деген сөздерден кейін ", 139 (бірінші бөлік)" деген сөздермен толықтырылсын;

"170," деген цифрдан кейін "170-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

"193," деген цифрдан кейін "194-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

"195," деген цифрдан кейін "195-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

"196," деген цифрдан кейін "196-1, 197-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

екінші бөліктегі "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

13) 636-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының жиырма үшінші абзацы (167-1 ( екінші және үшінші бөліктері)" деген сөздерден кейін ", 184" деген цифрмен толықтырылсын.

4. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 196, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224

, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжаттар; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; N 15, 124, 128, 139-құжаттар, 2004 ж., N 2, 9 -құжат; N 5, 27-құжат; N 10, 54-құжат; N 14, 82-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 17, 98-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2005 жылғы 17 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 9 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы ):

11-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) депозитарийлік қызметті қоспағанда, бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет;".

5. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63, 64-құжаттар; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 1-құжат; N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 18, 157 -құжат; 2003 ж., N 4, 25-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат):

14-бапта:

үшінші бөлікте "жабық" деген саз алып тасталсын;

төртінші бөлікте "Шаруашылық серіктестерін, жүз және одан да көп қатысушылары бар шаруашылық серіктестіктерін қоспағанда, қатысушылар құрамының өзгеру негіздемесі бойынша" деген сөздер "Шаруашылық серіктестігі қатысушыларының тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы жүзеге асыратын шаруашылық серіктестіктерін қоспағанда, қатысушылар құрамының өзгеру негіздемесі бойынша шаруашылық серіктестіктерін" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22,

408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 5, 31-құжат; N 10, 51-құжат; N 11, 56, 67-құжаттар, N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 140-құжат; 2005 ж., N 7-8, 24-құжат):

1) 3-баптың 5-тармағында:

бірінші абзацтағы "акциялардың" деген сөз "орналастырылған акцияларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақшасындағы "акцияларының (қатысушылар салымдарының) елу процентінен" деген сөздер "орналастырылған акцияларының немесе жарғылық капиталдарға қатысу үлестерінің үштен бірінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 8-бапта:

1-тармақтағы "жарғылық капиталдарына қатысуға" деген сөздер "жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

а) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"а) банктердің, жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың, инвестициялық қорлардың, сақтандыру ұйымдарының, лизинг беруші ұйымдардың, сондай-ақ акциялары Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасының ең жоғары санаттағы тізіміне енгізілген акционерлік қоғамдардың акцияларын сатып алуға (бір эмитенттің орналастырылған акциялары жалпы санының он бес процентінен аспайтын мөлшерде);";

а-1) тармақшасы алып тасталсын;

б) тармақшасындағы "жарғылық капиталына банктердің қатысуына" деген сөздер "акцияларын немесе жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін банктердің сатып алуына" деген сөздермен ауыстырылсын;

в) және г) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"в) бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғамдардың акцияларын банктердің сатып алуына;

г) заңды тұлғалардың кепіл ретінде қабылданған акциялары немесе жарғылық капиталдарына қатысу үлестері Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес банктердің меншігіне ауысқан жағдайларда, осы ұйымдардың акцияларын немесе жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін банктердің сатып алуына (бұрын кепілге қабылданған акциялардың банктің меншігіне ауысуы арқылы банк сатып алған акциялардың құны банктің өз капиталының жиырма бес процентінен аспауға тиіс, бұл ретте оларды өткізу мерзімі бір жылдан аспауға тиіс);"

е) тармақшасындағы "қолданылмайды" деген сөз алып тасталып, е-1) тармақшасындағы "асыру" деген сөз "асыруға қолданылмайды" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банк сатып алған акциялардың не бір заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің құны, осы тармақтың г) тармақшасында көрсетілген жағдайды қоспағанда, банктің өз капиталының он процентінен аспауға тиіс.";

3) 9-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 11-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "жарғылық капиталының" деген сөздер "орналастырылған акцияларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Банк құру және банк қызметін жүзеге асыру";

6) 16-бапта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банктің жарғылық капиталы акцияларды сату есебінен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен қалыптастырылады.

2. Банк акциялары орналастырылған кезде тек қана ақшамен төленуге тиіс.";

3-тармақтың бірінші бөлігі "Банктің құрылтайшылары және акционерлері - заңды тұлғалар" деген сөздер "Заңды тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылып, "акцияларын" деген сөзден кейін "олар орналастырылған кезде" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ алып тасталсын;

8-тармақтың бірінші бөлігіндегі "оның акционерлерінің банктің жарғылық капиталындағы үлестерін (акцияларын)" деген сөздер "оның акционерлерінің акцияларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 17-бапта:

2-тармақтағы "Жарғылық капиталының" деген сөздер "Жарғылық капиталдарына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "(акционерлердің үлесін)" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтың бірінші бөлігіндегі "тікелей немесе жанама құрылтайшылары немесе акционерлері бола алмайды" деген сөздер "дауыс беретін акцияларын тікелей немесе жанама иелене және (немесе) пайдалана және (немесе) оған "билік ете алмайды" деген сөздермен ауыстырылсын;";

6-тармақтағы "акцияларының" деген сөз "дауыс беретін акцияларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "Банктің жарғылық капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысатын" деген сөздер "Тікелей немесе жанама түрде банктің акцияларын иеленетін

не банк акционері қабылдайтын шешімдерге ықпал ететін" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 17-1-бапта:

3-тармақта:

бірінші абзацтағы "дауыс беруші" деген сөздер "орналастырылған (артықшылықты және қоғам сатып алған акцияларды шегере отырып)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "банктің дауыс беруші" деген сөздер "банк" деген сөзбен ауыстырылсын;

8-тармақтың бірінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы "дауыс беруші" деген сөздер "орналастырылған (артықшылықты және қоғам сатып алған акцияларды шегере отырып)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "банктің дауыс беруші" деген сөздер "банк" деген сөзбен ауыстырылсын;

9) 19-баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің в) тармақшасындағы "жарғылық капиталына қатысуға" деген сөздер "акцияларын сатып алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 21-бапта:

1-тармақта:

"оның басқа банктер мен қаржы ұйымдарының жарғылық капиталына қатысуы" деген сөздер "оның басқа банктердің акцияларын және басқа қаржы ұйымдарының жарғылық капиталына қатысу үлестерін иеленуі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жарғылық капиталына қатысуға" деген сөздер "акцияларын сатып алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

"тұлға қатысқан" деген сөздерден кейін "не акцияларын резидент емес жеке немесе заңды тұлға иеленетін" деген сөздермен толықтырылсын;

"жарғылық капиталына қатысуға" деген сөздер "акцияларын сатып алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

"Банктің дауыс беретін" деген сөз "Банк" деген сөзбен ауыстырылсын;

"жарғылық капиталына осы қатысуы" деген сөздер "акцияларын осы сатып алуы" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 3-тараудың тақырыбы алып тасталсын;

12) 30-бапта:

3-тармақтың е) тармақшасындағы "эмиссиялау" деген сөз "шығару" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "жарғылық капиталына қатысушы" деген сөздер "акцияларын немесе жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін иеленетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 54-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"54-1-бап. Банктің аффилиирленген тұлғаларының есептілігі

1. Банктің заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін тоқсан күннің ішінде уәкілетті органға жыл сайын қаржылық есептілік табыс етуге тиіс.

2. Банктің жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін тоқсан күннің ішінде уәкілетті органға кірістері мен мүлкі туралы мәліметтерден құралатын, сондай-ақ:

1) оның басқа тұлғалармен бірлесіп өз араларындағы шартқа орай не өзге де тәсілмен банк қабылдайтын шешімдерге ықпал етуі туралы, оның ішінде мұндай ықпал ету мүмкіндігін айқындайтын өкілеттіктер берудің сипаттамасы қамтылатын;

2) ұйымдардың жарғылық капиталдарына қатысудың өзіне тиесілі үлестерін ( акцияларды) көрсете отырып, ұйымдарда өзінің атқаратын лауазымдары туралы;

3) алынған қарыздар есебінен ұйымдардың жарғылық капиталдарына қатысудың өзіне тиесілі үлестерін (акцияларды) сатып алуы туралы;

4) жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және жұбайының (зайыбының) жақын туыстары туралы мәліметтерден құралатын ақпаратты қамтитын, бірақ бұлармен шектелмей, есептілік табыс етуге тиіс.

Есептілік табыс етудің тәртібі мен оның нысандары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

3. Банк холдингі уәкілетті органға:

1) есепті тоқсаннан кейінгі қырық бес күн ішінде тоқсан сайынғы шоғырландырылған қаржылық есептілікті және оған түсіндірме жазбаны;

2) қаржы жылы аяқталғаннан кейін тоқсан күн ішінде, аудитор куәландырмаған, шоғырландырылған және шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және оған түсіндірме жазбаны табыс етуге тиіс.

4. Банктің заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысының жылдық қаржылық есептілігіне түсіндірме жазбада, сондай-ақ банк холдингінің тоқсан сайынғы және жылдық қаржылық есептілігіне түсіндірме жазбаларда мыналар:

1) ірі қатысушының (банк холдингінің) қызмет түрлерінің сипаттамасы;

2) ірі қатысушы (банк холдингі) қатысушысы (акционері) болып табылатын әрбір ұйымның атауы, оның жарғылық капиталына қатысу үлесінің мөлшері (тиесілі акцияларының саны), қызмет түрінің немесе түрлерінің сипаттамасы, ірі қатысушы ( банк холдингі) ірі қатысушысы (ірі акционері) болып табылатын ұйымдардың қаржылық есептілігі;

3) банктің ірі қатысушысының (банк холдингінің) ірі қатысушысы (акционері) болып табылатын әрбір ұйымның атауы, оның жарғылық капиталға қатысу үлесінің мөлшері (оған тиесілі акциялардың саны), осы ұйымның қызмет түрінің немесе түрлерінің сипаттамасы және қаржылық есептілігі қамтылатын, бірақ бұлармен шектелмейтін ақпарат көрсетілуге тиіс.".

7. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат; N 23, 925-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 1, 1-құжат; N 23-24, 198-құжат; 2003 ж., N 1-2, 9-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 139-құжат; N 21-22, 160-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат; 2005 жылғы 22 маусымда "Егемен Қазақстан" және 23 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы ):

1) 1-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) аффилиирленген тұлғалар - тікелей және (немесе) жанама түрде шешімдерді айқындауға және (немесе) әрқайсысы (тұлғалардың бірі) қабылдайтын шешімге ықпал етуге, соның ішінде жасалған мәмілеге орай, мүмкіндігі бар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) жеке немесе заңды тұлғалар;";

2) 40-бапта:

2-тармақта:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"заңды тұлғаны белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тарату немесе банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейінгі бір жылдан аспайтын кезеңде, бұрын атқарушы органның бірінші басшысы, атқарушы орган басшысының орынбасары, заңды тұлғаның бас бухгалтері болған адам басшы қызметкер бола алмайды. Аталған талап заңды тұлғаны Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тарату немесе банкрот деп тану туралы шешім қабылданған күннен кейінгі бес жыл ішінде қолданылады;";

мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Уәкілетті органның келісімін алғанға дейін жеке тұлға үш айдан артық басшы қызметкер міндеттерін атқаруға құқылы емес.";

3) 42-баптың 1-1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы ережелерін жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп жағдай) бұзуы не уәкілетті органның жазбаша нұсқамаларын орындамауы;";

4) 53-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Уәкілетті органның келісімін алғанға дейін жеке тұлға үш айдан артық басшы қызметкер міндеттерін атқаруға құқылы емес.";

5) 55-баптың 2-тармағының 7) тармақшасындағы ", сондай-ақ эмиссиялық болып табылмайтын бағалы қағаздарды сатып алуға шарттар" деген сөздер алып тасталсын.

8. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 5-6, 49-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат):

1) 12-баптың 2-тармағындағы:

"құрылтайшылары" деген сөз "қатысушылары" деген сөзбен ауыстырылсын;

"құжаттарымен осы Заңда" деген сөздер "құжаттарында, осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 16-1-баптың тақырыбы және 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"16-1-бап. Тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің құрылу және қызмет ету ерекшеліктері

1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысымен (тіркеушімен) серіктестікке қатысушылардың тізілімін жүргізуге шарт жасасуға құқылы.

Құрылтай шартының күші серіктестікке қатысушылардың тізілімі қалыптастырылған күннен бастап тоқтатылады. Серіктестікке қатысушылар тізілімінен үзінді-көшірме қатысушылар тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлеске құқықты растайтын құжат болып табылады.

Акционерлік қоғам қатысушылар тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып қайта құрылған жағдайда құрылтай шарты жасалмайды.";

3) 17-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде:

2) тармақшадағы "(қатысушылар саны жүз және одан да көп акционерлік қоғамнан қайта құрылған серіктестіктерді қоспағанда)" деген сөздер "(серіктестікке қатысушыларының тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын серіктестіктерді қоспағанда)" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "ережелері болуға тиіс" деген сөздер "ережелері;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) серіктестікке қатысушылар тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын жағдайда серіктестіктің таза кірісін бөлудің тәртібі болуға тиіс.";

4) 19-баптың 4-1-тармағының бірінші абзацындағы "Акционерлері жүз және одан да көп" деген сөздер "Серіктестікке қатысушылар тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 22-баптың 1-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
"1-1. Қатысушылар тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын жауапкершілігі шектеулі серіктестікке жаңа қатысушыны қабылдау серіктестікке қатысушылар тізіліміне жазба енгізу жолымен ресімделеді.";

6) 32-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
"Қатысушылар тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына қатысу үлесін қатысушының сату тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында және серіктестіктің жарғысында белгіленеді.";

7) 46-баптың 1-1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:
"Қатысушылар саны жүзден аз, қатысушылар тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлға (тұлғалар) жиналыс ашылатын күнге он бес күн қалғанда әрбір серіктестікке қатысушыға оның өткізілуі жөнінде серіктестікке қатысушылар тізілімінде көрсетілген мекен-жай бойынша жазбаша хабарлауға міндетті .".

9. "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж ., N 22, 309-құжат; 2000 ж.; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 5-құжат; N 8, 52-құжат; 2002 ж., N 23-24, 193-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 86-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 23, 138-құжат):

4-баптың 2-тармағы екінші бөлігінің жетінші абзацындағы "халықтық" деген сөз алып тасталсын.

10. "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж ., N 22, 406-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 85-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат):

1) 21-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "Жарғылық капиталының" деген сөздер "Жарғылық капиталға қатысу үлестерінің немесе орналастырылған акцияларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
"4. Оффшорлық аймақта тіркелген ұйым мәртебесі бар заңды тұлға не жарғылық капиталға қатысу үлесін не акцияларын оффшорлық аймақта тіркелген заңды тұлғалар тікелей немесе қосылма тұлғалар арқылы иеленетін және (немесе) пайдаланатын және ( немесе) билік ететін заңды тұлға құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының - Қазақстан Республикасы резидентінің құрылтайшысы бола алмайды.";

2) 24-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "тексеру комиссиясы" деген сөздер "ішкі аудит қызметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 25-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акциялары орналастырылған кезде тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валюта ақшасымен төленуге тиіс.";

2-тармақтағы "орнықты инвесторларға" деген сөздер "жинақтаушы зейнетақы қорларына (зейнетақы активтері есебінен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алатын) және инвестициялық қорларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 27-бапта:

2-тармақтағы "жарғылық капиталына қатысуға" деген сөздер "акцияларын сатып алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "6)" деген цифр "6-1)" деген цифрлармен ауыстырылсын;

5) 35-баптың 2-тармағында:

бірінші абзацтағы "дауыс беретін" деген сөздер "орналастырылған (артықшылықты және сатып алынған акцияларды шегере отырып)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "акцияларының (қатысушылар салымдарының)" деген сөздер " жарғылық капиталға қатысу үлестерінің немесе орналастырылған акцияларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 37-баптың 1-тармағының 9) тармақшасындағы "жарғылық капиталына қатысуына" деген сөздер "жарғылық капиталына қатысу үлесін не акцияларын сатып алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 48-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жиынтығы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз капиталының он процентінен асатын мөлшерде заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін не жиынтық құны сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз капиталының он процентінен асатын акцияларды сатып алуына тыйым салынады, бұған:

1) басқа қаржы ұйымдарының жарғылық капиталына қатысу үлесін не акцияларын сатып алу;

2) акциялары листингтен өткен және ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногына жіберілген эмитенттердің акцияларын бір эмитенттің орналастырылған акциялары жалпы санының он бес процентінен аспайтын мөлшерде сатып алу жағдайлары қосылмайды.".

11. "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 10, 55-құжат; N 21-22, 160-құжат; 2004 ж., N 23, 140-құжат):

1) 1-бапта:

2) тармақша "алу құқығын" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ осы Заңда және

Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген өзге де құқықтарды" деген сөздермен толықтырылсын;

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) аффилиирленген тұлғалар - тікелей және (немесе) жанама түрде шешімдерді айқындауға және (немесе) әрқайсысы (тұлғалардың бірі) қабылдайтын шешімге ықпал етуге, соның ішінде жасалған мәмілеге орай, мүмкіндігі бар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) жеке немесе заңды тұлғалар. Қоғамның аффилиирленген тұлғаларының тізбесі осы Заңның 64-бабында белгіленеді;

4) дауыс беретін акциялар - орналастырылған жай акциялар, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларда дауыс беру құқығы берілген артықшылықты акциялар. Дауыс беретін акциялар санына қоғам сатып алған акциялар, сондай-ақ нақтылы ұстаудағы және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ол туралы мәліметтер жоқ меншік иесіне тиесілі акциялар кірмейді;";

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) қоғамды корпоративтік басқару кодексі - қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілетін, қоғамды басқару барысында туындайтын қатынастарды, соның ішінде қоғамның акционерлері мен органдары арасындағы, қоғам органдары, қоғам және мүдделі тұлғалар арасындағы қатынастарды реттейтін құжат;";

9) тармақшадағы "акционерлік қоғамның жарғысында көзделетін және" деген сөздер алып тасталсын;

10) тармақшадағы "(халықтық қоғамда - бес және одан да көп)" деген сөздер алып тасталсын;

11) тармақшада:

"жалпы" деген сөз алып тасталсын;

"мүшелерінің" деген сөздің алдынан "сайланатын" деген сөзбен толықтырылсын;

"директорлар кеңесі" деген сөздер "қоғам органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) акцияның нақтылы құны - барлық жай және артықшылықты акцияларға арналған және акционерлік қоғамның құрылтай шартында (жалғыз құрылтайшының шешімінде) айқындалатын бірыңғай баға, осы баға бойынша акциялар құрылтайшылар арасында орналастырылады (жалғыз құрылтайшы төлейді);";

14) тармақшадағы "қоғамның жарғысында көзделіп," деген сөздер алып тасталсын;

15) және 16) тармақшалар алып тасталсын;

18) тармақша "рыногында" деген сөзден кейін "құрылтайшылар және" деген сөздермен толықтырылсын;

19) тармақшадағы "тізілімін" деген сөз "тізілімдер жүйесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-бап алып тасталсын;

3) 6-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
"3) құрылтайшылар төлейтін акцияның алдын ала төлем мөлшерін белгілейді;";

4) 7-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
"3) құрылтайшылар төлейтін акциялардың алдын ала төлем мөлшері, сондай-ақ оны төлеудің мерзімдері мен тәртібі;";

5) 9-бапта:

1-тармақта:

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:
"Жұмыс істеп тұрған акционерлік қоғамның акционерлердің жалпы жиналысы уәкілеттік берген тұлға қол қоятын жарғысының жаңа редакциясын (оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді) қоспағанда, қоғам жарғысына құрылтайшылар (жалғыз құрылтайшы) не оның өкілдері (өкілі) қол қоюға тиіс.";

мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:
"Қоғамның жарғысы, сондай-ақ оған енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар нотариаттық куәландырылуға тиіс.";

2-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
"3) қоғамның артықшылықты акцияларымен куәландырылған құқықтар көлемін қоса алғанда, акционерлердің құқықтары туралы мәліметтер;";

4) тармақша алып тасталсын;

7) тармақша "қоғамның" деген сөздің алдынан "қоғамның қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралын көрсете отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:
"7-1) қоғам акционерлері мен лауазымды тұлғаларының өз аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты беру тәртібі";

3-тармақтың екінші сөйлеміндегі "акционердің" деген сөз "мүдделі тұлғаның" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:
"5. Қоғамның қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін қолданылуы мүмкін бұқаралық ақпарат құралдары және оларға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.";

6) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Қоғамның жарғылық капиталы

1. Қоғамның жарғылық капиталы құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының) акцияларды олардың нақтылы құны бойынша және инвесторлардың осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес айқындалатын орналастыру бағалары бойынша төлеуі арқылы қалыптастырылады және ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

Қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған қоғамның жарғылық капиталы осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес қалыптастырылады.

2. Акцияның құрылтайшылар алдын ала енгізетін төлем мөлшері қоғамның жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерінен кем болмауға және оны құрылтайшылар қоғам заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап отыз күн ішінде толық төлеуге тиіс.

3. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.";

7) 13-бапта:

4-тармақта:

1) тармақша "Шектеу қою үшін" деген сөздерден кейін "орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып)" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ "алуға қатыспайтын" деген сөздерден кейін "бір" деген сөзбен толықтырылсын;

8) 15-баптың 1-тармағының 2) тармақшасында "тізілімін" деген сөз "тізілімдер жүйесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 16-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жарияланған акцияларды немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру, сондай-ақ бұрын сатып алынған осы бағалы қағаздарды сату ниеті бар қоғам осы туралы шешім қабылдаған күннен бастап он күн ішінде өз акционерлеріне жазбаша хабарлама жіберу немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы өздерінде бар акциялар санына барабар бағалы қағаздарды тең жағдайларда орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдаған қоғамның органы белгілеген орналастыру (өткізу) бағасы бойынша оларды сатып алуды ұсынуға міндетті. Акционер қоғам акцияларын орналастыру (өткізу) туралы хабарланған күннен бастап отыз күн ішінде акцияларды не қоғамның акцияларына айырбасталатын өзге де бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес сатып алуға өтінім беруге құқылы.

Бұл орайда қоғамның жай акцияларын иеленетін акционердің жай акцияларды немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығы бар, ал қоғамның артықшылықты акцияларын иеленуші акционердің қоғамның артықшылықты акцияларын басымдықпен сатып алу құқығы бар.";

10) 17-бап алып тасталсын;

11) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Қоғамның акцияларын орналастыру

1. Қоғам өз акцияларының шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін акциялардың жарияланған мөлшері шегінде оларды бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыруға құқылы.

Қоғамның жарияланған акцияларының саны шегінде акцияларын орналастыру туралы шешімді, қоғамның жарғысында осы мәселе акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған жағдайды қоспағанда, қоғамның директорлар кеңесі қабылдайды.

Акцияларды орналастыру ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында өткізілетін жазылу немесе аукцион, ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында сату арқылы жүзеге асырылады.

2. Қоғамның жазылу арқылы орналастырылатын акциялары осы орналастыру шегінде акцияларды сатып алатын барлық тұлғалар үшін бірыңғай орналастыру бағасы бойынша сатуға жатады.

3. Қоғамның акцияларын ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында не ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында өткізілетін аукцион арқылы орналастырған кезде акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған қоғамның органы осы орналастыру үшін белгілеген акцияларды орналастыру бағасы сауда-саттықтың (аукционның) ең төменгі бағасы болып табылады.

4. Қоғамның жарияланған акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдауға уәкілетті органы орналастырылатын акциялардың санын және (немесе) орналастыру бағасын өзгерту туралы шешім қабылдаған жағдайда, бұл орналастыру осы Заңның 16-бабы 1-тармағының ережелері ескеріле отырып жүргізіледі.";

12) 19-бапта:

тақырыбындағы "тізілімі" деген сөз "тізілімдер жүйесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "тізілімін жасауды, жүргізуді және сақтауды" деген сөздер "тізілімдер жүйесін жүргізуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "тізілімін жасау, жүргізу және сақтау" деген сөздер "тізілімдер жүйесін жүргізу" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "тізілімін жасау, жүргізу және сақтау" деген сөздер "тізілімдер жүйесін жүргізу" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

"сатып алушының" деген сөздерден кейін "жеке" деген сөзбен толықтырылсын;

"тізіліміндегі" деген сөз "тізілімдер жүйесіндегі (нақтылы ұстаушыны есепке алу жүйесіндегі)" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 22-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Орналастырылмаған немесе қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.";

5-тармақта:

"төлеу", "төлеуге" деген сөздер тиісінше "есептеу", "есептеуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша алып тасталсын;

14) 23-бапта:

1-тармақтың үшінші бөлігінде:

"баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"он күн" деген сөздер "он жұмыс күні" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

"бес" деген сөз "он" деген сөзбен ауыстырылсын;

"баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 24-баптың 3-тармағындағы "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 25-баптың 3-тармағының бірінші бөлігіндегі "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 26-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Орналастырылған акцияларды сатып алу қоғамның бастамасы бойынша акционердің келісімімен, қоғамның акцияны сатып алуы кезінде оның құнын айқындаудың акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен әдістемесіне сәйкес, оларды кейіннен сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңдарына және қоғамның жарғысына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда жүргізілуі мүмкін.";

4-тармақта:

бірінші бөлігі "акцияларының саны" деген сөздерден кейін "акцияларды сатып алу-сату мәмілесі (мәмілелері) жасалғанға дейінгі" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктегі "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "қоғамның сатып алуы мүмкін" деген сөздер "қоғам сатып алуға жариялаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 27-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоғам орналастырылған акцияларды сатып алуды:

1) акционерлердің жалпы жиналысы қоғамды қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған (егер акционер қоғамды қайта ұйымдастыру туралы мәселе қаралған акционерлердің жалпы жиналысына қатысып, оған қарсы дауыс берсе);

2) осы Заңда және қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданған ірі мәміле жасау туралы шешіммен және (немесе) жасалуында қоғамның мүддесі бар

мәміле жасау туралы шешіммен келіспеген;
3) акционерлердің жалпы жиналысы қоғамның жарғысына осы акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарды шектейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған (егер акционер осындай шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол осы жиналысқа қатысып, аталған шешімнің қабылдануына қарсы дауыс берсе) жағдайларда өзіне қойылуы мүмкін қоғам акционерінің талап етуі бойынша жүргізуге тиіс.";
мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:
"1-1. Орналастырылған акцияларды акционердің талап етуі бойынша қоғамның сатып алуы қоғамның акцияларды сатып алуы кезінде олардың құнын айқындаудың акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.";
2-тармақта:
бірінші бөлік "жалпы жиналысы" деген сөздерден кейін "немесе директорлар кеңесі " деген сөздермен толықтырылсын;
екінші бөліктегі "осы Заңның 69-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленген бағамен" деген сөздер алып тасталсын;
19) 29-бап алып тасталсын;
20) 31-баптың 2-тармағының 2) тармақшасында:
"бағалы қағаздардың жалпы саны" деген сөздер "акциялардың жалпы саны" деген сөздермен ауыстырылсын;
"бағалы қағаздардың қайталама рыногында" деген сөздер алып тасталсын;
21) 32-баптың 3-тармағындағы "ұстаушылар тізілімінде" және 7-тармағындағы " ұстаушылар тізіліміне" деген сөздер "ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде" деген сөздермен ауыстырылсын;
22) 33-бапта:
1-тармақтың 3) тармақшасындағы екінші сөйлем алып тасталсын;
2-тармақ алып тасталсын;
3-тармақтағы "уәкілетті органның мемлекеттік қызметшісі" деген сөздер " мемлекеттік қызметші" деген сөздермен ауыстырылсын;
23) 35-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі "тізілімі" деген сөз "тізілімдер жүйесі" деген сөздермен ауыстырылсын;
24) 36-баптың 1-тармағында:
мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:
"1-1) осы кодексті қабылдау қоғамның жарғысында көзделген жағдайда, корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;";
3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
"3) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның

орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау ;";

10) тармақшадағы "(халықтық акционерлік қоғамда - он)" деген сөздер алып тасталсын;

11) және 12) тармақшалар алып тасталсын;

13) тармақшадағы "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарына" деген сөздер "осы Заңға" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) тармақшадағы "баспасөз басылымын" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралын " деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 39-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

"жалпы жиналысына қатысуға" деген сөздерден кейін "және онда дауыс беруге" деген сөздермен толықтырылсын;

"тізіліміндегі" деген сөз "тізілімдер жүйесіндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "құқығы бар акционерлердің тізіміне енгізілген тұлға тізім жасалғаннан кейін" деген сөздер "және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін, осы тізімге енгізілген тұлға" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 41-бапта:

1-тармақтағы "(халықтық акционерлік қоғамда - күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей)" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға және (немесе) акционердің ("алтын акция" иесінің) назарына оған жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізілуге тиіс.

Осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімдерді есептеу акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен не акционерлерге ("алтын акция" иесіне) жазбаша хабарлама жіберілген күннен бастап жүргізіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілде және басқа да тілдерде жарияланған жағдайда осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімдерді есептеу осындай жарияланымдардың соңғысы жарияланған күннен бастап жүргізіледі.";

27) 45-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, қоғамның дауыс беретін

акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.";

28) 47-баптың 1-тармағының екінші абзацындағы "лауазымды адамдарының" деген сөздер "атқарушы органы мүшелерінің (атқарушы органының функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаның)" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 49-баптың 4-тармағындағы "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 51-баптың 6-тармағының бірінші бөлігіндегі "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 52-баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы "(халықтық акционерлік қоғамда - бес және одан да көп)" деген сөздер алып тасталсын;

32) 53-бапта:

2-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;";

4) тармақша "сатып алуы" деген сөздерден кейін "және оларды сатып алу бағасы" деген сөздермен толықтырылсын;

12) тармақша алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тізбесі осы баптың 2-тармағында белгіленген мәселелерді атқарушы органның шешуіне беруге болмайды.";

33) 54-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғамның директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.";

34) 55-баптың 5-тармағында:

"дауыс беретін акциялардың жалпы санының жай көпшілік даусымен" деген сөздер "кумулятивтік дауыс берумен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"осы мүшелерінің" деген сөздер "жаңадан сайланған мүшесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 57-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.";

36) 58-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қоғам жарғысында және (немесе) қоғамның ішкі құжаттарында директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша директорлар кеңесінің сырттай

дауыс беру арқылы шешімдер қабылдау мүмкіндігі және осындай шешімдерді қабылдау тәртібі көзделуі мүмкін.

Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған директорлар кеңесінің хатшысы мен төрағасының қолы қойылуға тиіс.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдер қоса тіркеледі.";

37) 60-баптың 4) тармақшасындағы "атқарушы органның мүшелері болып табылатын қызметкерлерді" деген сөздер "осы Заңда белгіленген жағдайларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

38) 61-баптың 1-тармағындағы "мүшелерінің саны кемінде үшеу болатын" деген сөздер алып тасталсын;

39) 64-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) ірі акционер;

2) қоғамның ірі акционері не лауазымды тұлғасы болып табылатын жеке адамның жақын туысы (ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлісі, ұлы, қызы), некеде тұрған адамы, сондай-ақ жекжаты (жұбайының (зайыбының) аға-інісі, апа-сіңлісі, ата-анасы, ұлы немесе қызы) болып келетін жеке адам;

3) қоғамның немесе осы тармақтың 1), 4)-9) тармақшаларында аталған заңды тұлғаның лауазымды адамы;

4) қоғамның ірі акционері не лауазымды адамы болып табылатын тұлғаның бақылауындағы заңды тұлға;

5) қоғамның ірі акционері не лауазымды адамы болып табылатын тұлға оған қатысты ірі акционер болып табылатын не мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар болатын заңды тұлға;

6) оған қатысты алғанда қоғам ірі акционер болып табылатын не мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар болатын заңды тұлға;

7) қоғаммен бірге үшінші тұлғаның бақылауында болатын заңды тұлға;

8) қоғаммен шарт арқылы байланысы бар, қоғам қабылдайтын шешімдерді сол шартқа сәйкес айқындауға құқылы тұлға;

9) дербес немесе өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесіп қоғамның не осы тармақтың 1), 4)-8) тармақшаларында аталған заңды тұлғалардың дауыс беретін акцияларының он және одан да көп процентін иеленетін, пайдаланатын және оларға билік ететін тұлға;

10) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылатын өзге де тұлға қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылады.";

40) 65-бап алып тасталсын;

41) 66-бапта:

1-тармақтағы "Өзара аффилиирленген тұлғалардың" деген сөздер "Аффилиирленген тұлғаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қоғамның аффилиирленген тұлғаларының қатысуымен мәміле жасасу тәртібіне осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген талаптардың сақталмауы кез келген мүдделі тұлғаның талап қоюы бойынша соттың мәмілені жарамсыз деп тануына негіз болып табылады.";

42) 67-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қоғам аффилиирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе қоғамның тіркеушісі беретін мәліметтер негізінде (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) жүргізуге міндетті.

Қоғамның акционерлері мен лауазымды адамдарының өз аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты табыс ету тәртібі жарғымен белгіленеді.";

4-тармақтағы "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген" деген сөздер "ол белгілеген" деген сөздермен ауыстырылсын;

43) 68-бапта:

1-тармақта:

1) тармақшада:

"айыратын" деген сөз "шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(халықтық акционерлік қоғамда - он)" деген сөздер алып тасталсын;

2) тармақшада:

"(халықтық акционерлік қоғамда - он)" деген сөздер алып тасталсын;

"немесе орналастырылған" деген сөздерден кейін "бір түрдегі" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың 1) тармақшасындағы "сол тұлғаның аффилиирленген тұлғаларымен" деген сөздер "өзара аффилиирленген тұлғалар тобымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

44) 70-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"70-бап. Қоғамның ірі мәміле жасасуы

1. Қоғамның ірі мәміле жасасуы туралы шешімді директорлар кеңесі қабылдайды.

Қоғам кредиторлар мен акционерлерге хабарлау мақсатында директорлар кеңесі қоғамның ірі мәміле жасасуы туралы шешімді қабылдағаннан кейін бес күн ішінде

мәміле туралы хабарламаны мемлекеттік тілде және басқа тілдерде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

2. Қоғамның жарғысында ірі мәмілелердің тізбесі, сондай-ақ оларды жасасу тәртібі белгіленуі мүмкін, оларды жасасу туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

3. Осы Заңда және қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданған қоғамның ірі мәміле жасасу туралы шешімімен келіспеген жағдайда, акционер өзіне тиесілі акцияларды қоғамның осы Заңда белгіленген тәртіппен сатып алуын талап етуге құқылы.";

45) 71-бапта:

1-тармақтың бірінші абзацындағы ", сондай-ақ солардың аффилиирленген тұлғалары" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мынадай мәмілелер:

1) акционердің қоғам акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын сатып алуы, сондай-ақ қоғамның орналастырылған өз акцияларын сатып алуы жөніндегі мәміле;

2) банктік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттеме қабылдау жөніндегі мәміле;

3) қоғамды осы Заңға сәйкес жүзеге асырылатын қайта ұйымдастыру;

4) қоғамның өз аффилиирленген тұлғасымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдарына сәйкес жасайтын мәмілесі жасалуына қоғам мүдделі болатын мәміле болып табылмайды.";

46) 72-баптың 2) тармақшасындағы "немесе халықтық акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп процентін" деген сөздер алып тасталсын;

47) 73-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"73-бап. Мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілені жасасу тәртібіне қойылатын талаптар

1. Мүдделілік болуына орай қоғамның мәмілені жасасуы туралы шешім оның жасалуына мүдделі емес директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

2. Мүдделілік болуына орай қоғамның мәмілені жасасуы туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы:

1) қоғамның директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылған;

2) шешім қабылдауға қажетті дауыстар саны болмауына орай, директорлар кеңесінің мұндай мәмілені жасасу туралы шешімді қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайларда оның жасалуына мүдделі емес акционерлердің көпшілік даусымен қабылдайды.

3. Мүдделілік болуына орай қоғамның мәмілені жасасуы туралы шешім,

директорлар кеңесінің барлық мүшелері мен жай акцияларды иеленетін барлық акционерлер мүдделі адамдар болып табылған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысында қоғамның дауыс беретін акциялары жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Бұл орайда акционерлердің жалпы жиналысына негізделген шешім қабылдауға қажетті ақпарат (құжаттармен қоса) беріледі.

4. Қоғамның жарғысында мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелердің жекелеген түрлерін жасасудың өзге де тәртібі белгіленуі мүмкін.";

48) 76-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Атқарушы орган жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет жөніндегі заңдарына сәйкес жасалған өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті табыс етеді. Атқарушы орган қаржылық есептіліктен басқа жалпы жиналысқа аудиторлық есепті табыс етеді.";

4-тармақта:

"баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен, "жылдық қаржылық есептілікті" деген сөздер "бухгалтерлік балансты, капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін есепті, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті және кірістер мен шығыстар туралы есепті" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Қоғам өзге қаржылық есептілікті қосымша жариялауға құқылы.";

49) 77-бап алып тасталсын;

50) 78-баптың 2-тармағы "жүргізіледі" деген сөзден кейін ", бұл ретте ірі акционер аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы. Ірі акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті" деген сөздермен толықтырылсын;

51) 79-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасының екінші бөлігіндегі "(халықтық акционерлік қоғамда - он)" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ алып тасталсын;

52) 81-баптың 3-тармағындағы "жарияланған, соның ішінде орналастырылған акцияларының" деген сөздер "акциялары шығарылымының" деген сөздермен ауыстырылсын;

53) 82-85-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"82-бап. Қоғамдардың бірігуі

1. Екі немесе бірнеше қоғамның өз қызметін тоқтатып, бірігу туралы шарттың негізінде және өткізу актілеріне сәйкес өзінің бүкіл мүлкін, құқықтарын және

міндеттерін беру арқылы жаңа қоғамның пайда болуы қоғамдардың бірігуі деп танылады.

2. Қоғамдардың бірігуі жолымен құрылатын қоғамның жарғылық капиталы қайта ұйымдастырылатын қоғамдардың өз капиталдарының сомасына тең болады.

3. Құрылған қоғамның акциялары қайта ұйымдастырылатын қоғамдардың акционерлері арасында мынадай тәртіппен орналастырылады:

1) құрылған қоғамның әрбір қайта ұйымдастырылатын қоғам акционерлері арасында орналастырылатын жарияланған акцияларының саны сол қоғамдардың өз капиталдарының арақатынасына сүйене отырып айқындалады;

2) әрбір қайта ұйымдастырылатын қоғамның акционерлері арасында бөлінетін, осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес айқындалатын акциялар саны әрбір қайта ұйымдастырылатын қоғамның акционерлері арасында олардың қолында болған қайта ұйымдастырылатын қоғам акциялары санының осы қоғамның орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) акциялары санына арақатынасына барабар мөлшерде орналастырылады.

4. Қайта ұйымдастырылатын әрбір қоғамның директорлар кеңесі бірігу нысанында қайта ұйымдастыру туралы, бірігу нәтижесінде құрылатын қоғамның акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу және оларды орналастыру тәртібі туралы мәселені акционерлердің жалпы жиналысының қарауына ұсынады.

5. Бірігу туралы шешім қайта ұйымдастырылатын қоғамдар акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысында әрбір жеке қоғам акционерлерінің айқын басым көпшілік даусымен қабылданады. Акционерлердің жалпы жиналысының осы шешімінде:

1) қайта ұйымдастырылатын қоғамдардың әрқайсысының атауы, орналасқан жері, акцияларды орналастыру тәртібі туралы мәліметтер және бірігудің өзге де талаптары көрсетілетін бірігу туралы шартты бекіту туралы ереже;

2) бірігу нәтижесінде құрылатын қоғамның акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы ереже болуға тиіс.

6. Бірігу туралы шартқа қайта ұйымдастырылатын қоғамдардың барлық акционерлері қол қоюға тиіс.

Өткізу актісіне қайта ұйымдастырылатын қоғамдардың атқарушы органдарының басшылары мен бас бухгалтерлері қол қояды және ол қоғамдардың мөрлерімен расталады.

7. Қайта ұйымдастырылатын қоғамдар өздерінің барлық кредиторларына қайта ұйымдастыру туралы жазбаша хабарламалар жіберуге және бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті хабарландыру беруге міндетті. Хабарламаға өткізу актісі қоса тіркеледі.

83-бап. Қоғамның қосылуы

1. Қосылатын қоғамның қосылу туралы шарттың негізінде және өткізу актісіне сәйкес бүкіл мүлкін, құқықтары мен міндеттерін басқа қоғамға бере отырып, өз қызметін тоқтатуы қоғамның басқа қоғамға қосылуы деп танылады.

Қосылу жүзеге асырылатын қоғам қосылатын қоғам акциялары сату бағасының қосылу жүзеге асырылатын қоғам акцияларының осы баптың 2-тармағына сәйкес айқындалатын орналастыру (өткізу) бағасына арақатынасына барабар өз акцияларын қосылатын қоғамның акционерлеріне орналастыру (өткізу) арқылы оның акцияларын сатып алады.

Қосылатын қоғамның барлық акциялары сатып алынғаннан кейін аталған акциялар жойылады, ал қосылатын қоғамның мүлкі, құқықтары мен міндеттері қайта ұйымдастырылатын қоғамдардың атқарушы органдары басшылары мен бас бухгалтерлері қол қойған және сол қоғамдардың мөрлерімен расталған өткізу актісіне сәйкес қосылу жүзеге асырылатын қоғамға беріледі.

2. Қосылатын қоғам акцияларын сату бағасы қосылатын қоғамның өз капиталының оның орналастырылған (қоғамның сатып алғандарын қоспағанда) акцияларға арақатынасына қарай айқындалады.

Қосылу жүзеге асырылатын қоғам акцияларын орналастыру (өткізу) бағасы қосылу жүзеге асырылатын қоғамның өз капиталының оның орналастырылған (қоғамның сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының санына арақатынасына сүйене отырып айқындалады.

3. Қосылатын қоғамның директорлар кеңесі қосылу нысанында қайта ұйымдастыру туралы, қосылатын қоғамның акцияларын сату тәртібі, мерзімі және бағасы туралы мәселені акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығарады.

Қосылу жүзеге асырылатын қоғамның директорлар кеңесі өзіне басқа қоғамды қосу нысанында қоғамды қайта ұйымдастыру туралы, акцияларды орналастыру (өткізу) тәртібі, мерзімі және бағасы туралы мәселені акционерлердің жалпы жиналысының шешуіне енгізеді.

4. Қосылу туралы шешім қосылу жүзеге асырылатын қоғам мен қосылатын қоғам акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысында әрбір жеке қоғам акционерлерінің айқын басым көпшілік даусымен қабылданады.

Акционерлердің бірлескен жалпы жиналысының қосылу туралы шешімінде қосылуға қатысатын қоғамдардың әрқайсысының атауы, орналасқан жері, қосылатын қоғам акцияларын сату бағасы, қосылу жүзеге асырылатын қоғам акцияларын орналастыру (өткізу) бағасы, қосылудың өзге де талаптары мен тәртібі болуға тиіс.

5. Қосылатын қоғам, сондай-ақ қосылу жүзеге асырылатын қоғам өзінің барлық кредиторларына қосылу нысанында қайта ұйымдастыру туралы жазбаша хабарлама жіберуге және бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті хабарландыру беруге міндетті. Хабарламаға өткізу актісі, сондай-ақ қосылу жүзеге асырылатын қоғамның атауы мен орналасқан жері туралы мәлімет қоса тіркеледі.

84-бап. Қоғамның бөлінуі

1. Қоғамның жаңадан пайда болатын қоғамдарға өзінің бүкіл мүлкін, құқықтары мен міндеттерін бере отырып, өз қызметін тоқтатуы қоғамның бөлінуі деп танылады. Бұл орайда бөлінетін қоғамның құқықтары мен міндеттері бөліну балансына сәйкес жаңадан пайда болатын қоғамдарға ауысады.

Қоғамның бөлінуі нәтижесінде пайда болған акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталдарының сомасы қайта ұйымдастырылатын қоғамның өз капиталының мөлшеріне тең болады.

2. Қайта ұйымдастырылған акционерлік қоғамның барлық акционерлері қоғамның бөлінуі нәтижесінде пайда болған қоғамдардың әрқайсысының акционерлері болып табылады.

Қоғамдардың бөлінуі нәтижесінде пайда болған акциялар осы қоғамдардың акционерлері арасында қайта ұйымдастырылатын қоғамның акционерлерге тиесілі акциялары санының қайта ұйымдастырылатын қоғамның орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) акциялары санына арақатынасына барабар мөлшерде орналастырылады.

3. Қайта ұйымдастырылатын қоғамның директорлар кеңесі қоғамның бөлініп шығуы нысанында қайта ұйымдастырылуы, бөлініп шығу тәртібі мен талаптары және бөліну балансын бекіту туралы мәселелерді акционерлердің жалпы жиналысының қарауына енгізеді.

4. Қайта ұйымдастырылатын қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы бөліну нысанында қайта ұйымдастыру, бөліну тәртібі мен талаптары туралы, бөліну балансын бекіту туралы шешім қабылдайды.

5. Акционерлердің жалпы жиналысы бөліну туралы шешім қабылдаған күннен бастап екі ай мерзімде қоғам өзінің барлық кредиторына бөліну туралы жазбаша хабарлама жіберуге және бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті хабарландыру беруге міндетті. Хабарламаға бөліну балансы қоса тіркеледі.

85-бап. Қоғамның бөлініп шығуы

1. Қайта ұйымдастырылатын қоғамның қызметін тоқтатпай, мүлкінің, құқықтары мен міндеттерінің бір бөлігін бөліну балансына сәйкес бір немесе бірнеше қоғамға бере отырып, оларды құруы қоғамның бөлініп шығуы деп танылады.

Бөлініп шығу кезінде қайта ұйымдастырылатын қоғамның жарғылық капиталы кемімеуге тиіс.

Қайта ұйымдастырылатын қоғам бөлініп шыққан қоғамдарды әділет органдарында тіркеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

2. Қайта ұйымдастырылатын қоғам бөлініп шыққан қоғамның жалғыз құрылтайшысы болып табылады.

Бөлініп шыққан қоғамның жарғылық капиталының мөлшері қайта ұйымдастырылатын қоғам бөліну балансына сәйкес оған берген активтер мен

міндеттемелердің арасындағы айырмаға тең болады және ол осы Заңның 11-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

3. Қайта ұйымдастырылатын қоғам бөлініп шыққан қоғамның акцияларын өз акционерлеріне ғана орналастырады (өткізеді), бұл орайда қайта ұйымдастырылатын қоғамның акциялары ғана төлем ретінде жүреді. Бөлініп шыққан қоғамның акционерлеріне берілетін акциялардың саны қайта ұйымдастырылатын және бөлініп шыққан қоғамдар акциялары баланстық құнының арақатынасына сүйене отырып айқындалады.

4. Қайта ұйымдастырылатын қоғамның директорлар кеңесі қоғамның бөлініп шығуы нысанында қайта ұйымдастырылуы, бөлініп шыққан қоғамның акцияларын орналастыру (өткізу) бағасы, бөлініп шығу тәртібі мен талаптары туралы мәселелерді, сондай-ақ бөліну балансының жобасын акционерлердің жалпы жиналысының қарауына енгізеді.

5. Қайта ұйымдастырылатын қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы бөлініп шығу нысанында қайта ұйымдастыру, бөлініп шыққан қоғамның акцияларын орналастыру ( өткізу) бағасы, бөлініп шығу тәртібі мен талаптары туралы және бөліну балансын бекіту туралы шешім қабылдайды.

6. Акционерлердің жалпы жиналысы бөлініп шығу туралы шешім қабылдаған күннен бастап екі ай мерзімде қоғам өзінің барлық кредиторына бөлініп шығу нысанында қайта ұйымдастыру туралы жазбаша хабарлама жіберуге және бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті хабарландыру беруге міндетті. Хабарламаға бөліну балансы, сондай-ақ бөлініп шыққан әрбір қоғамның атауы, орналасқан жері туралы мәліметтер қоса тіркеледі.";

54) 86-бапта:

2-тармақта "қоғамның акцияларын шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың салымдарына немесе өндірістік кооператив мүшелерінің пайларына айырбастау" деген сөздер "шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың қатысу үлестерін немесе өндірістік кооператив мүшелерінің пайларын айқындау" деген сөздермен ауыстырылсын және "қарауына енгізеді." деген сөздерден кейін "Шаруашылық серіктестігіне қатысушының қатысу үлесі немесе өндірістік кооператив мүшесінің пайы осы қатысушының қайта құрылатын қоғамда ие болған қоғам акциялары санының қоғамның орналастырылған (сатып алынғандарды қоспағанда) акцияларының жалпы санына арақатынасына барабар айқындалады." деген сөйлеммен толықтырылсын;

3-тармақтағы "қоғамның акцияларын шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың салымдарына немесе өндірістік кооператив мүшелерінің пайларына айырбастау" деген сөздер "шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың қатысу үлестерін немесе өндірістік кооператив мүшелерінің пайларын айқындау" деген сөздермен ауыстырылсын;

55) 88-баптың 3-тармағының үшінші бөлігіндегі "Тарату" деген сөз "Ерікті тарату кезінде тарату" деген сөздермен ауыстырылсын;

56) 89-баптың 1-тармағында:

бірінші бөліктің 4) және 5) тармақшалары алып тасталсын;

екінші бөлік "мүлік" деген сөзден кейін ", осы Заңның 13-бабы 2-тармағының талаптары ескеріле отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

57) 90-бапта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған қоғамдар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап үш жыл ішінде өздерінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге және қоғамның жарғылық капиталының мөлшерін осы Заң қолданысқа енгізілген күнге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерін негізге ала отырып, осы Заңның 10-бабына сәйкес келтіруге не қоғамды қайта ұйымдастыруға немесе оны таратуға міндетті.

2. Қоғам осы баптың 1-тармағында белгіленген талаптарды орындамаған жағдайда, уәкілетті орган оны мәжбүрлеп тарату не оны қайта құру нысанында қайта ұйымдастыру туралы сотқа өтініш беруге құқылы.";

3-тармақтағы "тізілімін жүргізу" деген сөздер "тізілімдер" деген сөзбен ауыстырылсын.

12. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж ., N 14, 119-құжат; 2004 ж., N 16, 91-құжат; N 23, 140-құжат; 2005 ж., N 7-8, 24-құжат):

1) мәтін бойынша "брокерлік-дилерлік", "Брокерлік-дилерлік" деген сөздер " брокерлік және дилерлік", "Брокерлік және дилерлік" деген сөздермен ауыстырылсын, "брокер-дилер", "Брокер-дилер", "брокер-дилердің", "Брокер-дилердің" деген сөздер тиісінше "брокер және (немесе) дилер", "Брокер және (немесе) дилер", "брокердің және (немесе) дилердің", "Брокердің және (немесе) дилердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 3-1), 14-1) және 14-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) базалық актив - стандартталған тауарлар партиясы, бағалы қағаздар, валюта, қаржы құралдары және сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында айқындалған өзге де көрсеткіштер;";

"14-1) депозитарийлік қызмет - басқа нақтылы ұстаушылар үшін бағалы қағаздарды нақтылы ұстау қызметін көрсету және ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру жөніндегі қызмет;

14-2) депозитарийлік қолхат - осы депозитарийлік қолхаттың базалық активі болып

табылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың белгілі бір санына меншік құқығын растайтын туынды эмиссиялық бағалы қағаз;";

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) бағалы қағазды ұстаушы - бағалы қағаздар бойынша құқықтары бар, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде немесе нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлға, сондай-ақ пайлық инвестициялық қор;";

19) тармақшадағы "ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында баға белгілеуді ұсыну және (немесе) оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы" деген сөздер "ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында және ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында оған тікелей кіру құқығымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 26-1) тармақшамен толықтырылсын:

"26-1) шетелдік мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз - қарыз алушы шет мемлекеттің үкіметі болатын қарызға қатысты ұстаушының құқықтарын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаз не шет мемлекеттің заңдарына сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздарға жатқызылған өзге де бағалы қағаз;";

28) тармақшадағы "активтермен" деген сөз "активтер кепілімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

39), 42) және 44) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"39) листинг - бағалы қағаздарды қор биржасының бағалы қағаздар тізімінің санатына енгізу, оған енгізу және сол санатта болу үшін қор биржасының ішкі құжаттарында бағалы қағаздарға және олардың эмитенттеріне арнайы (листингтік) талаптар белгіленген;";

"42) бағалармен айла-шарғы жасау - бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің ұсыныс пен сұраныстың объективті арақатынасы нәтижесінде бағалы қағаздарға белгіленген бағадан жоғары немесе төмен баға белгілеуге бағытталған іс-әрекеттері;";

"44) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар - мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар болып табылмайтын акциялар, облигациялар және өзге де эмиссиялық бағалы қағаздар;";

45) тармақшадағы "қаржы құралдарымен", "мәміле объектісіне және оның қатысушыларына" деген сөздер алып тасталсын;

47) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"47) бағалы қағаздарды нақтылы ұстау - нақтылы ұстау шартына не осы Заңға сәйкес бағалы қағаздарда ұстаушылардың атынан және есебінен белгілі бір заңды іс-әрекеттерді жасау, сондай-ақ бағалы қағаздар бойынша құқықтарды есепке алу мен растау және осындай ұстаушылардың бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерін тіркеу;";

48) тармақшадағы "кепілдік берумен және Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес өзге де тәсілдермен" деген сөздер "банк кепілдігімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

52) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"52) опцион - шарт, оған сәйкес бір тарап (опционды сатушы) осы шартта аталған мүліктің (базалық активтің) белгілі бір санын осы шартта келісілген баға бойынша сатуға немесе сатып алуға міндеттенеді, ал екінші тарап (опционды сатып алушы) сатып алу немесе сату құқығына ие болады; сауда-саттықты ұйымдастырушылар мұндай шартты стандарттаған жағдайда ол туынды бағалы қағаз ретінде пайдаланылуы мүмкін;";

55) тармақша алып тасталсын;

63) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"63) бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы - өз қызметін бағалы қағаздар рыногында лицензия негізінде не заң актілеріне сәйкес жүзеге асыратын және акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында қызмет істейтін ( трансфер-агентті қоспағанда) заңды тұлға;";

64) тармақшадағы "өтініш игеруші мен" деген сөздер алып тасталсын;

65) тармақшадағы "инвесторларға" деген сөз алып тасталсын;

74) тармақшадағы "жасалып, бекітілген" деген сөздер "жасалған" деген сөзбен ауыстырылсын;

84), 87) және 90) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"84) фьючерс - белгіленген нысандағы стандарттық саны мен орындалу мерзімі бар және ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында айналыста жүретін туынды бағалы қағаз, оны сатушы сатуға немесе сатып алуға міндеттенеді, ал сатып алушы мүліктің ( базалық активтің) белгіленген санын келісілген баға бойынша және белгілі бір мерзім өткеннен кейін сатып алуға немесе сатуға міндеттенеді.";

"87) орталық депозитарий - негізгі функциясы депозитарийлік қызметті жүзеге асыру болып табылатын мамандандырылған коммерциялық емес ұйым;";

"90) эмитент - эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын тұлға.";

3) 3-баптың 2-тармағы:

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес міндетті түрде жариялануға тиіс бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылуы мүмкін бұқаралық ақпарат құралдарының түрлері мен оларға қойылатын талаптарды айқындайды;";

13) тармақша алып тасталсын;

14) тармақша "лицензиаттардың" деген сөздің алдынан "орталық депозитарийдің және" деген сөздермен толықтырылсын;

15) тармақша "лицензиаттардың" деген сөздің алдынан "орталық депозитарийдің және" деген сөздермен толықтырылсын;

16) және 17) тармақшалар алып тасталсын;

19) тармақшада:

"эмитенттердің" деген сөзден кейін "орталық депозитарийдің және" деген сөздермен толықтырылсын;

"және бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлайтын ұйымдардың" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 19-1) - 19-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"19-1) бағалы қағаздар рыногының субъектілеріне анықталған кемшіліктерді белгіленген мерзімде жоюға бағытталған, орындауға міндетті түзету шараларын қолдану туралы ұйғарымдарды жібереді;

19-2) бағалы қағаздардың эмитенттеріне жарғыларда Қазақстан Республикасының заңдарына қайшылықтарды жою туралы орындауға міндетті ұйғарымдарды жібереді;

19-3) бағалы қағаздарды ұстаушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгінуге құқылы;";

4) 4-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) шетелдік мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар;";

5) 5-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

6) 8-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы "проспектісін" деген сөзден кейін "( айналыс мерзімі үш айдан аспайтын мерзіммен облигациялар шығаруды қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 9-бапта:

1-тармақта:

2) тармақшадағы "(халықтық акционерлік қоғамда - бес және одан да көп)" деген сөздер алып тасталсын;

8) тармақшадағы "(санаты)" деген сөз алып тасталсын;

2-тармақтағы "айдың" деген сөз "тоқсанның" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтинг агенттіктерінің бірінің талап етілетін ең төмен рейтингі бар эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісінің мазмұнына қойылатын талаптарды уәкілетті орган белгілейді.";

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Эмитент осы баптың 1-тармағының 1)-3), 8), 9), 11), 12) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда, акциялар шығару проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен тіркеу үшін олар туындаған (қоғамның тиісті органдары шешім қабылдаған) күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде уәкілетті органға беруге міндетті. Уәкілетті орган жарияланған акциялардың саны ұлғайған және (немесе) жарияланған

акциялардың түрі өзгерген кезде жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ауыстырады. Уәкілетті орган жарияланған акцияларды шығару проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуді (жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ауыстыруды) күнтізбелік он бес күн ішінде жүзеге асырады.";

8) 11-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы шешімді акционерлік қоғамның құрылтай жиналысы (жалғыз құрылтайшысы) немесе акционерлердің жалпы жиналысы (дауыс беретін барлық акцияларды иеленуші акционер) қабылдайды.

Акционерлік қоғам жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге арналған құжаттарды:

1) оны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеген күннен бастап;

2) жарияланған акциялар шығарылымын жарамсыз деп тану туралы сот шешімі негізінде жарияланған акциялар шығарылымы жойылған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған акциялар шығарылымын тіркеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ұсынуға міндетті.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Уәкілетті орган акционерлік қоғам заңды тұлға ретінде тіркелген күннен бастап не сот шешімі негізінде акционерлік қоғамның жарияланған акциялар шығарылымы жойылған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізуге құқылы емес.

Уәкілетті орган:

1) акционерлік қоғам заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір жыл өткеннен кейін акционерлік қоғам жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін құжаттарды бермеген;

2) акционерлік қоғам заңды тұлға ретінде тіркелген күннен бастап не соттың шешімі негізінде акционерлік қоғамның жарияланған акциялар шығарылымы жойылған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін уәкілетті орган жарияланған акциялар шығарылымын тіркемеген жағдайларда акционерлік қоғамды тарату не қайта ұйымдастыру мақсатында сотқа жүгінуге құқылы.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Уәкілетті орган барлық жарияланған акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті (есептерді) бекіткеннен кейін акционерлік қоғам жарияланған акциялардың санын ұлғайту туралы шешім қабылдауға құқылы.";

9) 12-баптың 1-тармағында:

7) тармақшадағы "ипотекалық және өзге де қамтамасыз етілген" деген сөздер "банк кепілдігімен қамтамасыз етілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшадағы "баспасөз басылымы" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 22-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі "рыногында" деген сөзден кейін "аукцион немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "баспасөз басылымдарында" деген сөздер " бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) мынадай мазмұндағы 22-1-баппен толықтырылсын:

"22-1-бап. Шет мемлекеттің аумағында эмиссиялық бағалы қағаздарды шығарудың және орналастырудың шарттары мен тәртібі

1. Ұйым - Қазақстан Республикасының резиденті уәкілетті органның тиісті рұқсаты болған кезде ғана мынадай негізгі шарттар сақталған жағдайда шет мемлекеттің аумағында эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды жүзеге асыруға құқылы:

1) Қазақстан Республикасының осы резиденті бұрын шығарған эмиссиялық бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасының тізіміне енгізілген болса;

2) шығарылымын уәкілетті орган тіркеген облигацияларды орналастыру кезінде:

осы облигациялар қор биржасының тізіміне листингтің ең жоғары немесе ең жоғарыдан кейінгі санаты бойынша енгізілуге тиіс;

осы облигацияларды шет мемлекет аумағында орналастыру басталғанға дейін олар, тиісті бағалы қағаздар рыногына тән ықтимал ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында сатып алуға ұсынылған болуға тиіс, ал ұсыну кезіндегі осы облигацияларды орналастыру бағасын айқындаудың шарты оларды шет мемлекет аумағында орналастыру кезіндегі шарттарымен бірдей болу керек;

3) шығарылымы шет мемлекеттің заңдарына сәйкес тіркелген облигацияларды орналастыру кезінде:

осы облигациялар бойынша оларды қор биржасының тізіміне листингтің ең жоғары немесе ең жоғарыдан кейінгі санаты бойынша енгізуге қор биржасының келісімі алынуға тиіс;

осы облигацияларды шет мемлекет аумағында орналастыру басталуымен бір мезгілде олар, тиісті бағалы қағаздар рыногына тән ықтимал ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында сатып алу үшін ұсынылуға тиіс, ал ұсыну кезіндегі осы облигацияларды орналастыру бағасын айқындаудың шарты оларды шет мемлекет аумағында орналастыру кезіндегі шарттарымен бірдей болу керек;

4) акцияларды орналастыру кезінде:

осы акциялар қор биржасының тізіміне листингтің ең жоғары немесе ең жоғарыдан

кейінгі санаты бойынша енгізілуге тиіс;

осы акцияларды шет мемлекет аумағында орналастыру басталғанға дейін осы акциялардың жалпы санының кемінде жиырма проценті Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында сатып алуға ұсынылған болуға тиіс. Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында сатып алу үшін ұсынылуға тиіс болған акциялардың саны, егер осындай сан осы акцияларды басым сатып алу құқығын іске асырудың нәтижесі болса, орналастырылатын акциялардың жалпы санының жиырма процентінен кем болуы мүмкін;

5) акционерлік қоғамның бастамасымен немесе қатысуымен шығарылатын және осы акционерлік қоғамның акциялары олардың базалық активі болып табылатын туынды бағалы қағаздарды орналастыру кезінде осы акциялар қор биржасының тізіміне листингтің ең жоғары немесе ең жоғарыдан кейінгі санаты бойынша енгізілуге тиіс.

2. Ұйымның - Қазақстан Республикасы резидентінің шет мемлекеттің заңдарына сәйкес облигацияларды немесе туынды бағалы қағаздарды шығаруы уәкілетті органның рұқсаты болған жағдайда жүргізіледі.

3. Ұйымға - Қазақстан Республикасының резидентіне шет мемлекеттің аумағында эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруға немесе орналастыруға уәкілетті органның рұқсат беруінің шарты мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.";

12) 24-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Эмитент мүлкінің кепілдігімен қамтамасыз етілген ипотекалық және басқа облигациялар шығарылған жағдайда, эмитент өз міндеттемелерінің орындалуы қамтамасыз етілгенін растайтын құжаттарды табыс етеді.";

13) 25-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уәкілетті орган:

1) эмитент эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті табыс етпеген;

2) эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті қарау процесінде есепте көрсетілген мәліметтердің эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін табыс етілген құжаттарға сәйкес еместігі анықталған;

3) эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару, орналастыру және өтеу шарттары бұзылған жағдайларда эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқылы.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тіркеуші және орталық депозитарий уәкілетті органның эмиссиялық бағалы

қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімін алған кезден бастап осы бағалы қағаздарды орналастыру жөніндегі мәмілелерді тіркеуді тоқтата тұруға міндетті .";

3-тармақтағы "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 26-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 27-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Соттың эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тануы уәкілетті органның эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жоюы үшін негіз болып табылады.

Акционерлік қоғам акциялар шығарылымы жойылған күннен бастап үш айдың ішінде акциялардың жаңа шығарылымын тіркеу немесе қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы шешім қабылдайды.";

16) 30-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Сот не атқарушы іс жүргізу органдары жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тану немесе мәжбүрлеп тарату туралы заңды күшіне енген сот шешімін табыс еткен жағдайда уәкілетті орган акциялар шығарылымын жою туралы шешім қабылдайды және бұл жөнінде эмитентті хабардар етеді.";

5-тармақтағы "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Туынды бағалы қағаздар айналысы";

18) 33-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"33-бап. Туынды бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу талаптары";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында туынды бағалы қағаздармен мәмілелер жасасудың шарттары мен тәртібі қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.";

19) 34-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"34-бап. Эмитенттердің - Қазақстан Республикасы резиденттерінің эмиссиялық бағалы қағаздары базалық активі болып табылатын депозитарийлік қолхаттарды немесе өзге де бағалы қағаздарды шығару

1. Эмитент не эмитенттердің - Қазақстан Республикасы резиденттерінің эмиссиялық бағалы қағаздары базалық активі болып табылатын депозитарийлік қолхаттарды немесе өзге де бағалы қағаздарды шығаруды жоспарлайтын өзге де тұлға шығарылым туралы уәкілетті органға оның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен хабарлауға міндетті.

2. Эмитент не эмитенттердің - Қазақстан Республикасы резиденттерінің эмиссиялық бағалы қағаздары базалық активі болып табылатын депозитарийлік қолхаттарды немесе өзге де бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асырған өзге де тұлға орналастыру аяқталған күннен бастап бір ай ішінде уәкілетті органға оның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен орналастырудың қорытындылары туралы есеп береді.

3. Депозитарийлік қолхаттар шығару ережесінде орталық депозитарийге депозитарийлік қолхаттарды ұстаушылар туралы ақпарат беру тәртібі болуға тиіс.";

20) 36-баптың 5-тармағындағы "құқылы" деген сөз "міндетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

21) 41-баптың 2) тармақшасы "тіркелген тұлғалар" деген сөздердің алдынан " эмитенттің ірі акционерлері мен оларға тиесілі акциялардың саны туралы эмитентке берілетін мәліметтерді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

22) 43-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер өзі эмиссиялайтын бағалы қағаздарға қатысты - эмитентке және эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша оның құқықтарына қатысты - бағалы қағазды ұстаушыға не Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде олардың өкілдеріне берілуі мүмкін.

Нақтылы ұстаушының коммерциялық құпияны құрайтын клиенттері туралы мәліметтерді табыс ету тәртібі осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де Заң актілерінде айқындалады.";

3-тармақтың 6) тармақшасындағы "эмитенттің немесе лицензиаттың қызметіне тексеру жүргізу процесінде" деген сөздер алып тасталсын;

23) 45-бапта:

1-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) брокерлік;";

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) дилерлік;";

7) тармақша алып тасталсын;

2-тармақта:

"7" деген цифр "8" деген цифрмен ауыстырылсын;

"аталған қызмет" деген сөзден кейін ", сондай-ақ депозитарийлік қызмет" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақта:

"Клиенттердің" деген сөзден кейін "(депоненттердің)" деген сөзбен толықтырылсын ;

"лицензиаттар" деген сөзден кейін "және орталық депозитарий" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақ алып тасталсын;

24) 46-баптың 2-тармағындағы "(халықтық акционерлік қоғамда - бес және одан да көп)" деген сөздер алып тасталсын;

25) 48-бапта:

1-тармақтың 3), 4) және 6) тармақшалары алып тасталсын;

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақтағы "Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін жеке адамдарды оқыту, оларға аттестация жүргізу" деген сөздер "Жеке адамдарды аттестаттаудан өткізу " деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 49-баптың тақырыбындағы, 1 және 3-тармақтарындағы "Өтініш берушінің ( лицензиаттың)", "Өтініш беруші (лицензиат)", "өтініш беруші (лицензиат)" деген сөздер тиісінше "Лицензиаттың", "Лицензиат", "лицензиат" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 51-бапта:

1-тармақтың 4) - 9) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) бағалы қағаздар рыногындағы қызметті реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарын, сондай-ақ лицензиаттың ішкі құжаттарын бұзған;

5) уәкілетті органның ұйғарымын орындамаған;

6) лицензияның қолданылуын ерікті түрде тоқтата тұру туралы жазбаша өтініш болған;

7) жүзеге асыруға лицензия берілген қызметті алты және одан да көп ай ішінде лицензиат жүзеге асырмаған;

8) бағалы қағаздар рыногындағы қызмет туралы мәліметтерді мемлекеттік органдарға табыс ету жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарды орындамаған;

9) лицензиаттар үшін тыйым салынған және шектелген қызметтерді жүзеге асырған жағдайларда лицензияның қолданылуын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы.";

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Уәкілетті орган:

1) лицензияның қолданылуын тоқтата тұру себептері жойылмаған;

2) бағалы қағаздар рыногындағы қызметті реттейтін Қазақстан Республикасының заңдары, сондай-ақ лицензиаттың ішкі құжаттары жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш рет және одан көп) бұзылған;

3) уәкілетті органның ұйғарымдары жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш рет және одан көп) орындалмаған жағдайларда;

4) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген өзге де негіздер бойынша лицензияны қайтарып алуға құқылы.";

28) 52-бапта:

1-тармақ "Лицензиаттар" деген сөзден кейін "және орталық депозитарий" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "Лицензиаттардың" деген сөзден кейін "және орталық депозитарийдің" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Бағалы қағаздар рыногының субъектісі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне оның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысандарда және мерзімдерде статистикалық есептілік беріп отыруға міндетті.";

29) 54-бапта:

2-тармақтың 3) тармақшасындағы ", ал басқа басшы қызметкерлердің кем дегенде екі жыл" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уәкілетті органның келісімін алғанға дейін жеке тұлға үш айдан артық басшы қызметкердің міндетін атқаруға құқылы емес.";

үшінші бөлік алып тасталсын;

30) 56-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"56-бап. Жосықсыз мінез-құлыққа тыйым салу. Бағалы қағаздар бағаларымен айла-шарғы жасау

1. Лицензиаттың:

1) басқа лицензиаттарға және инвесторларға бағалы қағаздар рыногында олардың әрекетін өзгерту мақсатында кез келген нысанда ықпал етуіне;

2) бағалы қағаздар рыногында қалыптасатын жағдайға ықпал ету мақсатында дәйектемесіз мәліметтер таратуына тыйым салынады.

2. Бағалы қағаздар бағаларымен айла-шарғы жасау мақсатында мәмілелер жасауға тыйым салынады. Бағалы қағаздар бағаларымен айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп танылған мәмілені жасасуға қатысқан тұлғалар осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде көзделген жауаптылықта болады.

Бағалы қағаздар бағаларымен айла-шарғы жасау мақсатында жасалған мәмілені мүдделі тұлғалардың талап қоюы бойынша сот жарамсыз деп тануы мүмкін.

3. Мынадай мәмілелер:

1) бес жұмыс күні ішінде жасалған, орындалуы осы мәміле тараптарындағы осындай бағалы қағаздар санының елеулі өзгеруіне әкеп соқпаған бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері (мәміле тараптарындағы бағалы қағаздардың алғашқы санының он проценті шегінен аспайтын айырмашылық бағалы қағаздар санының елеулі өзгерісі деп танылады);

2) клиент екі немесе одан да көп брокерге беретін бір шығарылымдағы бағалы қағаздарды сату және сатып алуға қарама-қарсы бұйрықтар негізінде жасалған мәміле не бірнеше мәміле;

3) осы бағалы қағаздардың мұндай мәміле жасалғанға дейін бағалы қағаздар рыногында қалыптасқан бағаларынан айтарлықтай өзгеше, алдын ала келісілген баға бойынша жасалатын мәміле;

4) бағалы қағаздар рыногының басқа субъектілері үшін қол жетпейтін және қызметтік жағдайына, жасалған шартқа, заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысуына, акцияларды иеленуіне және өзге де жағдайларға орай өзіне белгілі болған, бағалы қағаздарға баға қалыптастыруға әсер ете алатын ақпаратты (инсайдерлік ақпаратты) иеленуші тұлға жасаған мәмілелер бағалы қағаздар бағаларымен айла-шарғы жасау мақсатында жасалған мәмілелер деп танылады.

4. Бағалы қағаздармен мәмілелерді бағалармен айла-шарғы жасау мақсатында жасалған мәміле деп тану тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және сауда-саттықты ұйымдастырушының (егер мұндай мәміле оның сауда жүйесінде жасалған болса) ішкі құжаттарында белгіленеді.";

31) 57-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі "орталық" деген сөздің алдынан " клиенттің қосалқы шот ашу үшін қажет барлық деректемелерін ашып көрсете отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

32) 60-баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасы алып тасталсын;

33) 61-баптың 2-тармағында:

бірінші бөліктегі "Орталық депозитарийде осы клиентті бірдейлендіруге қажетті мәліметтер болған жағдайда," деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктегі "және санаты" деген сөздер алып тасталсын;

34) 62-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

"тіркеуші мен орталық депозитарийдің" деген сөздер "тіркеушінің, орталық депозитарийдің және эмитенттің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"олардың арасында нақтылы ұстау туралы жасалған шартқа сәйкес нақтылы ұстаушыға өздері жөніндегі мәліметтерді ашу құқықтарын бермеген клиенттер туралы мәліметтерді қоспағанда," деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ алып тасталсын;

35) 63-баптың тақырыбы және 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"63-бап. Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру тәртібі

1. Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік қызмет және дилерлік қызмет брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия негізінде жүзеге асырылады.

Брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен немесе клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда уәкілетті орган дилерлік қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия беруге құқылы.";

36) 65-баптың 2-тармағындағы "(халықтық акционерлік қоғамда - дауыс беретін акциялардың бес және одан да көп процентін)" деген сөздер алып тасталсын;

37) 66-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) бағалы қағаздарды ұстаушыларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда немесе эмитенттің тапсырмасы бойынша эмитенттің жалпы жиналысын өткізуіне немесе эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кірісті төлеуіне қатысты, сондай-ақ эмитенттің бағалы қағаздарды шығаруына қатысты хабарлау;";

38) 67-бапта:

1-тармақтың екінші сөйлемінде:

"қатысуға," деген сөз "қатысуға және" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және шарттың қолданылу кезеңінде эмитенттің мүддесін білдіруге" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тіркеуші өзінің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыруға құқылы емес.

Тіркеуші бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу бойынша шарт жасасқан эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді басқа тіркеушіге қайта тапсыруға құқылы емес.";

39) 68-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Тіркеуші лицензиясының қолданылуы тоқтатылған немесе ол кері қайтарып алынған жағдайда тіркеуші шартты бұзудың бастамашысы деп танылады.";

40) 78-бапта:

1-тармақта ", сауда-саттықты ұйымдастырушылар" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Мына тұлғалар:

1) тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалар;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғаларға қатысы бойынша

аффилиирленген тұлғалар;

3) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғалардың құрылтайшылары (қатысушылары, акционерлері) болып табылатын тұлғалар орталық депозитарийдің құрылтайшылары және акционерлері бола алмайды.";

41) 79-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Орталық депозитарийдің басшы қызметкерлері осы Заңның 54-бабында белгіленген талаптарға сай болуға тиіс.";

42) 80-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"80-бап. Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру тәртібі

1. Орталық депозитарий депозитарийлік қызметті жүзеге асыру процесінде:

1) депоненттерге қаржы құралдарын нақтылы ұстау қызметін көрсетеді;

2) ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында жасалған мәмілелер және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында оның депоненттерінің қатысуымен ( депоненттердің өздерінің арасында; бір тараптан депонент және екінші тараптан басқа депоненттің клиенті арасында; әртүрлі екі депоненттің клиенттері арасында) жасалған мәмілелер бойынша қаржы құралдарындағы есеп айырысуларды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарға Қазақстан Республикасының заңдарына және өзінің ережелер жинағына сәйкес депозитарийлік қызмет көрсетуді жүзеге асырады;

4) консультациялық, ақпараттық және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да қызмет түрлерін көрсетеді.

2. Орталық депозитарий банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиялары болған кезде:

1) брокерлер мен дилерлер арасындағы есеп айырысуды жүзеге асыратын орталықтандырылған ұйымның функцияларын;

2) қаржы құралдарын өтеу кезінде олар бойынша кірісті төлеу жөніндегі төлем агентінің функцияларын орындауды;

3) депонентке эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ақша аударымдарын жүзеге асыруға, сондай-ақ кірісті төлеу және қаржы құралдарын өтеу кезінде ақша алуға арналған банк шоттарын ашуды;

4) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша қаржы құралдарымен де, ақшамен де клирингті жүзеге асырады.

3. Орталық депозитарий бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыруға арналған лицензия негізінде бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуге құқылы.

4. Орталық депозитарий қаржы рыногындағы қызметке жатпайтын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы емес.

Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және ішкі құжаттарда - орталық депозитарийдің ережелер жинағында белгіленеді.";

43) 87-баптың 1-тармағы алып тасталсын;

44) 89-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Акциялары қор биржасының ресми тізіміне ең жоғары санат бойынша енгізілген эмитенттер, сондай ақ оларға рұқсат беруге бастамашы болғандар орналастырылған және еркін айналыстағы акциялардың қор биржасының ережелерінде белгіленген ең төменгі көлемін қамтамасыз етуге міндетті.";

45) 91-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"91-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның міндеттері

Өзін-өзі реттейтін ұйымның негізгі міндеті өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асырудың бірыңғай жағдайларын жасауды қамтамасыз ету болып табылады.";

46) 92-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесін заңды тұлғаға бағалы қағаздар рыногында белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыратын барлық лицензиаттардың жартысынан астамы осы заңды тұлғаның мүшелері екенін растайтын құжаттар негізінде уәкілетті орган береді.

Заңды тұлға осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесінен айрылады.

Заңды тұлғаға өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесін беру және оны жою тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.";

47) 93-баптың 1-тармағында:

3) тармақшадағы "уәкілетті органның тиісті рұқсаты болған жағдайда" деген сөздер алып тасталсын;

4) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің кәсіби қызметінің бірыңғай ережелері мен стандарттарын белгілеу;";

"6) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің қызметіне тексеру жүргізу;";

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) уәкілетті органға өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесінің лицензиясын тоқтата тұру және қайтарып алу туралы өтініштер жіберу;";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) бағалы қағаздар рыногында өз мүшелерінің қызметін бақылауды жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының заңдары мен өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарын бұзуға жол берген өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелеріне өзінің ішкі құжаттарында белгіленген ықпал ету шараларын қолдану болып табылады.";

48) 94-бапта:

1-тармақта:

2) тармақшадағы "және (немесе) қадағалау" деген сөздер алып тасталсын;

3) тармақшадағы "және мүшелері мен олардың клиенттері арасындағы дауларды" деген сөздер алып тасталсын;

6) тармақша алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарын өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің кеңесі әзірлейді және оны өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің жалпы жиналысы бекітеді.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттары өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері үшін оның мүшелерінің жалпы жиналысы белгілеген күннен бастап міндетті болады.";

49) 95 және 96-баптар алып тасталсын;

50) 100-баптың 1-тармағындағы "тәртіптік" деген сөз алып тасталсын;

51) 101-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

52) 102-бапта:

2-тармақта:

2) тармақшадағы "(халықтық акционерлік қоғам үшін - акциялардың бес және одан да көп процентін)" деген сөздер алып тасталсын;

7) тармақшадағы "(халықтық акционерлік қоғам акцияларының бес және одан да көп процентін)" деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақтағы "баспасөз басылымында" деген сөздер "олар туындаған кезден бастап күнтізбелік он бес күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

53) 104-баптың 2-тармағындағы "және сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес өзге де қолжетімділік" деген сөздер "және (немесе) сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін қолжетімді" деген сөздермен ауыстырылсын;

54) 106-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) шет мемлекеттердің бағалы қағаздар рыногын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарының сауалы бойынша бағалы қағазды ұстаушылар туралы;";

55) 107-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"107-бап. Уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпарат алу құқығы

Уәкілетті органға жүктелген функцияларды сапалы және уақтылы орындауды қамтамасыз ету мақсатында ол эмитенттен, лицензиаттан және өзін-өзі реттейтін ұйымнан қажетті (оның ішінде бағалы қағаздар рыногында коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын) ақпаратты өз құзыреті шегінде алуға құқылы. Қазақстан

Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, алынған мәліметтер жария етілмеуге тиіс.

Осы Заңда белгіленген, жарияланған акциялар шығарылымын тіркеу мерзімдерінің сақталуын бақылау мақсатында әділет органдары уәкілетті органға оның сауалы бойынша акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында тіркелген заңды тұлғалар туралы ақпарат береді.

Ақша-кредит статистикасын қалыптастыру, экономикалық жағдайды талдау мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өз құзыреті шегінде бағалы қағаздар рыногының субъектілерінен қажетті ақпарат алуға құқылы.";

56) 108-бапта:

1-тармақта "және мамандарды бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеуге оқытуды жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақта:

5) тармақшадағы "орналастыру немесе" деген сөздер "орналастыру және (немесе)" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшадағы "болуы негіздеме болып табылады" деген сөздер "болуы;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің Қазақстан Республикасы заңдарын бұзуының уәкілетті органға мәлім болған өзге де фактілері негіздеме болып табылады." ;

57) 110-бапта:

3) тармақшадағы "орналастыру немесе" деген сөздер "орналастыру және (немесе)" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақша алып тасталсын;

58) мынадай мазмұндағы 113-1-баппен толықтырылсын:

"113-1-бап. Акциялар эмиссиясы осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін тіркелген акционерлік қоғамдарда акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп не акциялар эмиссиясы жасалмады деп танудың салдарлары

1. Акциялар эмиссиясы осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін тіркелген акционерлік қоғамдарда акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп таныған жағдайда осы акционерлік қоғам акцияларының барлық эмиссиясы жойылуға тиіс.

2. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін қоғамның акциялар эмиссиясы жасалмады деп танылған жағдайда қоғам акцияларының эмиссиясы жасалмады деп тану туралы шешім негізінде бұл эмиссия жойылуға тиіс.".

**2-бап.** Осы Заң, 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабы 11-тармағының 2) тармақшасын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК